**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қазандағы № 158 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 85 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ Кеден кодексінің 112 бабының 6 тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қазандағы № 158 "Жолаушылар кедендік декларациясын пайдалана отырып, тасымалдаушы экспресс-жүк ретінде жеткізетін жеке пайдалануға арналған тауарларды кедендік декларациялау туралы" шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қазаннан бастап, бірақ ол ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен ерте емес уақытта күшіне енеді.

| | |
|---|---|
| *Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының төрағасы* | *М. Мясникович* |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 27 маусымдағы
№ 85 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қазандағы № 158 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Көрсетілген шешіммен бекітілген экспресс-жүктер үшін жолаушылар кедендік декларациясын түзету нысаны мынадай редакцияда жазылсын:

2. Көрсетілген шешіммен бекітілген экспресс-жүктер үшін жолаушылар кедендік декларациясын түзету тәртібінің 9-тармағының бірінші абзацындағы "алдыңғы құжат" деген сөздерден кейін "тауарлардың орналасқан жері" деген сөздермен толықтырылсын .

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 16 қазандағы № 158
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 27 маусымдағы
№ 85 шешімінің редакциясында)
шешімімен бекітілген

**Экспресс-жүктерге арналған жолаушылар кедендік декларациясын түзету түрі**

| Экспресс-жүктерге арналған жолаушылар кедендік декларациясын түзету | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жөнелтуші (жалпы жүкқұжат бойынша) | | | | | Алушы (Жалпы жүкқұжат бойынша) | | | | A | | | Тауардың орналасқан жері | КЭЖКЖД | Ерекшеліктері |
| | | | | | | | | | Алдыңғы құжат | | | | Парақтар саны | |
| Жалпы деректер | | | | | Тауарлар туралы деректер | | | | | | | Құжаттар туралы деректер | | Өзгерістер коды |
| № п/п | Жалпы жүкқұжат | Жеке жүкқұжат | Жеке жіберуші1 | Жеке қабылдаушы2 | № Р/Н | Атауы | ЕАЭО СЭҚ ТН коды | ССаны | ССалмағы, брутто | Валюта, құны | Валюта, мүше мемлекеттің валютасындағы құны | Коды, белгі | ККүні, нөмірі | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | |
| 1 | Барлығы жеке жүкқұжат бойынша (жалпы салмағы, мүше мемлекеттің валютасындағы құны) | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | Барлығы жеке жүкқұжат бойынша (жалпы салмағы, мүше мемлекеттің валютасындағы құны) | | | | | | | | | | | | | |
| … | Барлығы жеке жүкқұжат бойынша (жалпы салмағы, мүше мемлекеттің валютасындағы құны) | | | | | | | | | | | | | |
| … | Барлығы жеке жүкқұжат бойынша (жалпы салмағы, мүше мемлекеттің валютасындағы құны) | | | | | | | | | | | | | |
| Экспресс-жүктерге арналған жолаушылар кедендік декларациясы бойынша барлығы (жалпы салмағы, мүше мемлекеттің валютасындағы құны) | | | | | | | | | | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **ЭЖКЖД толтырған тұлға туралы мәліметтер, күні** | C | D |

[1] Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету кезінде Декларант.

[2] Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу кезіндегі Декларант.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК